

"Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі №118 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 144 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 желтоқсанда № 6106 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 ақпандағы № 137 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 23.02.2022 № 137 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 29-бабының 6-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 қыркүйектегі № 118 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5985 нөмірімен тіркелген, 2017 жылғы 24 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің 3 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

3. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері жеке оқыту жоспары бойынша кемтар балаларын үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін өтінішті қабылдау немесе мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығының (

нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11342 нөмірімен тіркелген) 25-қосымшасымен бекітілген “Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу” мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган, “Азаматтарға арналған үкімет” мемлекеттік корпорациясы” коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы “Халыққа қызмет көрсету орталығы” Департаментінің Қармақшы аудандық пен Байқоңыр қалалық бөлімдері және www.egov.kz " электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады және 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық мәслихатының
кезекті 17-сессиясының төрағасы

Ж.Тілеуғабылова

Қармақшы аудандық
мәслихатының хатшысы

М.Наятұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қармақшы аудандық жұмыспен қамту,
әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық
хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ З.Метерова

"22" желтоқсан 2017 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қармақшы аудандық экономика және
бюджеттік жоспарлау бөлімі"
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ А.Байсынов

"22" желтоқсан 2017 жыл